

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лицензиялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 256 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 2 қазанда тіркелді. Тіркеу N 1993. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2005 жылғы 8 тамыздағы N 243 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2005 жылғы 8 тамыздағы N 243 бұйрығымен .

" Лицензиялау туралы " және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қаңтардағы N 23 қаулысына сәйкес және сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі саласындағы лицензиялауды одан әрі жетілдіре беру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Қызметтің лицензияланатын түрлері субъектілерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы біліктілік талаптарына сай екеніне сараптамалық бағалау жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларды тіркеу Ережесі" бекітілсін.

2. Сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасы аталған ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж ә н е с а у д а
м и н и с т р л і г і н і н ң Қ ұ р ы л ы с і с т е р і
ж ө н і н д е г і к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 4 қ ы р к ү й е к т е г і
N 2 6 5 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілді

Өтініш берушілердің (лицензия алуға талапкерлердің) немесе лицензиаттардың заңнамамен белгіленген біліктілік талаптарға сай екеніне сараптамалық бағалау

жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларды тіркеу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Өтініш берушілердің (лицензия алуға талапкерлердің) немесе лицензиаттардың заңнамамен белгіленген біліктілік талаптарға сай екеніне сараптамалық бағалау жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларды тіркеудің осы ережесі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242-II Заңына , "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заңына , "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына , "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қызметті лицензиялау мәселелері " туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 қаңтардағы N 23 қаулысына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) лицензияланатын субъектілердің (өтініш берушілердің - талапкерлердің) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті жүзеге асыруы барысында қойылатын біліктілік талаптарына сай екенін анықтау тұрғысынан олардың материалдары мен құжаттарына сараптама мен техникалық аудитті жүргізу үшін, сондай-ақ лицензиаттардың лицензияны иеленуші мәртебесін сақтау жөніндегі қызметін бағалау үшін заңды және жеке тұлғаларды тартуына байланысты қ а т ы н а с т а р ы н р е т т е й д і .

Осы Ереже құрылысқа арналған және жобаларды мемлекеттік сараптаудың ерекше құзыретіне жатпайтын алдын ала жобалау немесе жобалау (жобалау-смета) құжаттамаларын сараптауды жүзеге асырушы жеке тұлғаларды аттестациялауға және заңды тұлғаларды тіркеуге қолданылмайды.

Осы Ережелерде пайдаланылатын анықтамалар мен терминдер жоғарыда аталған нормативтік құқықтық кесімдерде келтірілген анықтамалар мен терминдерге сай келеді.

2 . Е р е ж е :

1) лицензияланатын субъектілерге сараптама мен техникалық аудит жүргізуге тартылатын заңды және жеке тұлғалардың тіркелу тәртібін;

2) лицензияланатын субъектілерге сараптама мен техникалық аудит жүргізуге тартылатын заңды және жеке тұлғаларға қойылатын талаптарды;

3) сараптама мен техникалық аудит жүргізуге қатысушылардың құқықтарын, міндеттерін және қызметі қағидаттарын анықтайды.

3. Комитет тіркелген сарапшыларды лицензияланатын субъектілер бойынша сараптама мен техникалық аудитті жүргізуге тарту арқылы оларды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

2. Анықтамалар

4. Өтініш берушінің (лицензия алуға талапкердің) біліктілік талаптарына сай болуы тұрғысынан білікті тұжырымды, сондай-ақ лицензиаттың лицензияны иеленуші мәртебесін сақтауы жөнінен олардың қызметіне баға бере алатын жеке, заңды тұлға сарапшы және техникалық аудитор болып табылады. Сонымен бірге, жеке тұлға тиісінше құжаттармен расталған қажетті біліктілік деңгейінде болуға тиіс, заңды тұлғада - қажетті біліктілік деңгейіндегі мамандар штаты болуға тиіс. Лицензияланатын субъектілерге сараптама мен техникалық аудит жүргізуді жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалардың жұмыс тәжірибесі және тиісінше лицензиясы болуға тиіс, егер мұның өзі Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылса.

5. Сараптамалық бағалау (техникалық аудит пен сараптама) - өтініш берушінің тиянақты және сенімді талдамалық бағалауды алуы үшін оған жүргізілетін бағаламалық қимыл-әрекеттер мен тұжырымдар жүйесі.

6. Техникалық аудит пен сараптама (сараптамалық бағалау) объектілері:

1) өтініш берушінің (лицензия алуға талапкердің) біліктілік талаптарына сай екенін сараптамалық бағалау үшін ұсынатын құжаттары мен материалдары ;

2) жұмыстың өтінім жасалған түрлерін атқарушылар;

3) материалдық-техникалық және өндірістік база;

4) жұмыстарды орындау сапасын бақылауға арналған приборлар мен жабдықтар ;

5) жұмыс жүргізу барысында еңбекті қорғау жүйесі мен қауіпсіздік техникасы ;

6) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерімен қарастырылған өзге де объектілер.

3. Сараптама мен техникалық аудиттің негізгі принциптері

7. Сараптама мен техникалық аудиттің негізгі принциптері:

1) сараптамалық бағалау (техникалық аудит пен сараптама) қорытындыларының бүкпесіздігі мен объективтілігі;

2) құзыреттілік пен жоғары кәсіби деңгей;

3) сарапшылар мен техникалық аудиторлар қорытындыларының толымдылығы және сенімділігі;

4) сараптама және техникалық аудит объектілерін іске асырудың техникалық, экономикалық, құқықтық, экологиялық және әлеуметтік салдарларын кешенді бағалау ;

5) сараптама және техникалық аудит барысында алынған өтініш беруші (лицензия алуға талапкер) немесе лицензиат туралы ақпараттың құпиялылығы, егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен өзгеше көзделмесе;

6) сараптама мен техникалық аудит қорытындыларының сенімділігі, толымдылығы және негізділігі үшін жауаптылық;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасы аясында сарапшылар мен техникалық аудиторлардың лицензияланатын қызмет түрлерінің бағаланатын субъектілеріне, не шаруашылық жүргізуші өзге де субъектілерге, сондай-ақ мемлекеттік органдарға, оның ішінде Комитетке тәуелсіздігі.

4. Сарапшылар мен техникалық аудиторлардың жауапкершілігі

8. Сарапшылар мен техникалық аудиторлар Комитет белгілеген мерзімде білікті сараптама мен техникалық аудит жүргізуді және сараптама мен техникалық аудитке ұсынылған құжаттардың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етеді.

9. Сарапшылар мен техникалық аудиторлар жүргізілген сараптама мен техникалық аудит үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай жауапты болады.

5. Сараптама мен техникалық аудитті жүргізу үшін жеке және заңды тұлғаларды тіркеу тәртібі

10. Комитет тіркелуді ұйымдастырушы болып табылады.

11. Комитет тіркелген жеке және заңды тұлғалардың бөлек тізілімін жүргізеді

12. Жеке және заңды тұлғаларды тіркеу Комитет бұйрығымен ресімделеді, оның негізінде тіркелген жеке немесе заңды тұлғаға тіркелу куәлігі беріледі.

13. Тіркелген жеке немесе заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Ережелерге сай сараптамалық бағалау мен техникалық аудитті жүзеге асырады.

14. Тіркелу куәлігін қайтарып алу Комитет бұйрығымен ресімделеді және тіркелген жеке немесе заңды тұлғалар тізіліміне тиісінше жазба енгізіледі.

15. Жеке және заңды тұлғаны тіркеу үшін мынадай құжаттардың тізбесін т а п с ы р а д ы :

1) заңды тұлға үшін - ұйым бланкісіне жазылған, бірінші басшы, не оның уәкілетті тұлғасы қол қойған арыз. (Жеке тұлға үшін бланкінің болуы талап етілмейді). Арызда кәсіби білімін, тәжірибесін, беделділігін растайтын ақпараттар, сондай-ақ сараптама мен техникалық аудит жүргізу үшін қажетті қаржылық, материалдық-техникалық және еңбек ресурстары баяндалуға тиіс. Жеке тұлғалар жұмыс орнын, лауазымын, білімін, мамандығын және мамандығы бойынша жұмыс стажын да көрсетуге тиіс;

2) заңды тұлға үшін - құрылтай құжаттарының, шаруашылық жүргізуші субъектіні тіркеу туралы куәліктің және статистикалық карточканың нотариалдық куәлендірілген көшірмелері;

3) жеке тұлға үшін - жеке кәсіпкер патентінің нотариалдық куәлендірілген көшірмесі;

4) куәліктердің, лицензиялардың, сертификаттардың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған, жеке және заңды тұлғаның сараптама мен техникалық аудит жүргізу құқығын растайтын басқа да құжаттардың нотариалдық куәлендірілген көшірмелері;

5) заңды тұлға үшін - тиісінше мамандығына қарай сараптаманы жүзеге асырушы қызметкерлердің еңбек кітапшаларының немесе жұмыс стажын растайтын құжаттарының нотариалдық куәлендірілген көшірмелері. Жеке тұлға үшін - еңбек кітапшасының немесе тиісінше мамандығы бойынша жұмыс стажын растайтын өзгедей құжаттарының, білімі туралы құжаттың нотариалдық куәлендірілген көшірмелері;

6) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке немесе заңды тұлғаның біліктілігі туралы мәліметтер;

7) ұсынылған өтінімдік құжаттарда жеке және заңды тұлғаның нақты мекен-жайы туралы ақпараттар болуға тиіс.

6. Жеке және заңды тұлғалар тіркелу үшін ұсынған өтінімдік құжаттарды Комитеттің қарау мерзімдері

16. Комитет жеке тұлғадан тіркелуге құжаттарды қабылдаған кезден 10 күннен немесе заңды тұлғалардан - тіркелуге құжаттарды қабылдаған кезден 30 күннен кешіктірмей өз шешімі туралы оларды хабардар етуге міндетті.

7. Тіркелген куәліктің қолданылу мерзімдері

17. Тіркелген куәліктің мерзімі жыл сайын ұзартылуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті төрағасының 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 265 бұйрығымен бекітілген Жеке және заңды тұлғаларды тіркеу ережесіне 1-қосымша

Біліктілік туралы мәліметтер (тіркелу куәлігін алуға тілек білдіруші жеке немесе заңды тұлға толтырады)

1. Қатысушының заңды мәртебесі _____

(заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың көшірмелері қоса беріледі)

2. Тіркелу орны:

3. Негізгі қызмет орны:

4. _____ N _____ лицензия
(лицензияның көшірмесі қоса беріледі)

5. Уәкілетті өкілге өтінішке қол қою құқығына берілген сенімхат (қоса беріледі).

6. Сарапшы және техникалық аудитор ретінде соңғы үш жылда жүргізген сипаты бойынша осындай сараптамалар мен техникалық аудиттер.

Қызмет атауы Клиент атауы

7. Техникалық аудит пен сараптама қызметкерінің біліктілігі мен тәжірибесі _____

Лауазымы. Т.Ә.А. Жалпы жұмыс тәжірибесі. Сарапшы, техникалық аудитор ретіндегі жұмыс тәжірибесі

8. Қазақстан Республикасының аумағында бөлімшелерінің болуы (заңды тұлғалар үшін бөлімшелері болса).

9. Ұсынымдар туралы мәліметтер. Басқа заңды және жеке тұлғалардың ұсынымдық хаттары, пікірлері аталсын және қоса берілсін:

10. Біліктік туралы барлық мәліметтердің нақтылығын растаймын.

Лауазымы _____

Қолы _____

Т.Ә.А. _____